



**Басқарма Төрағасы — Ректордың  
«Академик Е.А. Бөкетов атындағы  
Қарағанды ұлттық зерттеу  
университеті» КеАҚ-тың  
2024–2025 оқу жылындағы  
қызметі туралы**

# **ЕСЕБІ**





---

## МАЗМҰНЫ

«АКАДЕМИК Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ҰЛТТЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ-тың 2024–2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ .....	4
АКАДЕМИЯЛЫҚ ДАМУ .....	7
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ .....	9
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ .....	16
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ .....	18
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ .....	19
Кітапхана ресурстары .....	19
Баспа қызметі .....	27
Ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету .....	31
Кадрлық ресурстар .....	32
Жұмыс берушілермен ынтымақтастық .....	33
ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ .....	34
ӘСКЕРИ КАФЕДРА .....	35
БІЛІМ БЕРУДІ ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУ .....	37
АКАДЕМИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕГІ ЖЕТІСТІКТЕР .....	48
ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ .....	51
ҚАРЖЫ .....	55

Қайырлы күн, құрметті Ғылыми кеңес мүшелері, профессор-оқытушылар құрамы, аса мәртебелі студенттер! Жыл сайынғы дәстүрге сәйкес, Басқарма Төрағасы — Ректор университет ұжымы мен студенттердің алдында 1 жылда атқарылған жұмыстың есебін береді.


Бүгін 2024–2025 оқу жылында атқарылған жұмыс туралы баяндалады.

## «АКАДЕМИК Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ҰЛТТЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ-тың 2024–2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ

Бүгін Студенттер мәдениет сарайының алаңында Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында университетіміздің негізгі нәтижелері мен жетістіктері, сондай-ақ алдағы Даму жоспары ұсынылатын болады.

Тәуелсіздік алған сәттен бастап, әсіресе соңғы жылдары Президент Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру саласын дамытуға, еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және оның әлемдік білім беру мен технологиялық кеңістікте интеграциялануына ерекше назар аударып келеді.

Бүгінгі таңда біз тағы бір кезекті қадам жасағалы тұрмыз, ол: цифрлық дәуір жағдайында білім беру ортасын трансформациялау, Қазақстанның әлеуметтік және институционалдық капиталын нығайту.



Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 12 тамыздағы Жарлығымен Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетіне ерекше мәртебе берілді.

Бұл шешімді университеттің ұлттық білім мен ғылым жүйесін дамытуға қосқан үлесін мойындау, мамандар даярлау мен ғылыми зерттеулердің жоғары деңгейін растау деп білеміз.

Біздің университетіміз еліміздің үздік көпсалалы жоғары оқу орындарының қатарына кіреді. Ерекше мәртебенің берілуі өз кезегінде академиялық және ғылыми автономия, қосымша ресурстар, үздік ғалымдарды тарту және білім беру кеңістігіндегі позицияларды нығайту үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

Сонымен қатар Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы 25

---

тамыздағы № 429 бұйрығымен «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ болып қайта аталды.

Бұл жаңа атау басқа бір сапалы деңгейге көшуді, яғни зерттеу бағытын, инновациялық әлеуетті және Мемлекет басшысы белгілеген міндеттер шеңберінде халықаралық ынтымақтастықты дамытуды білдіреді.

Университет Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 5 сәуірдегі қаулысымен бекітілген 2024-2028 жылдарға арналған Даму бағдарламасына сәйкес жұмыс істейді. Белгіленген міндеттерді шеше отырып, университет ұжымы есепті жылы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің барлық деңгейлерінде ғылыми қызмет пен білім беру процесін интеграциялау, сапалы білім берудің теңдігі мен қолжетімділігін қамтамасыз ету, дарынды жастарды тарту, іргелі және қолданбалы ғылым саласындағы жобаларды іске асыру, университеттің қоғам дамуына қосатын үлесін арттыру жұмыстарын жалғастырды.

Есепті кезеңде университеттің сыртқы ортадағы позициясын нығайту жұмыстары өз жалғасын тапты. QS WUR 2026 рейтингісінің нәтижелері бойынша біздің университет 901+ позициясын сақтап қалды. QS WUR 2026 рейтингісіне Қазақстанның 20 университеті қатысып, солардың арасында Бөкетов университеті 8-інші орынға ие болып, еліміздің үздік жоғары оқу орындарының ондығына кірді. QS 2026-да тоғыз критерийдің сегізінде қорытынды ұпайлардың жоғарылауы тіркелді. Айта кету керек, рейтинг қорытындысы бойынша университеттің жалпы балы соңғы 3 жылда 12,5-тен 19,1-ге дейін артып отыр, бұл оқу орнының QS рейтингіндегі тұрақты ілгерілеуін растайды.

QS Asia 2025 рейтингісінің қорытындысы бойынша Бөкетов университеті өткен жылмен салыстырғанда 39-позицияға алға жылжып, Азияның 984 университеті арасында 167-орынды иеленді (анықтама үшін: өткен жылы біздің университет 206-орынды иеленген).

SCImago Institutions Rankings (SIR) — SCImago (Скимаго) тобы ғылыми мекемелердің жаһандық рейтингін жариялайтын ғылыми-зерттеу ұйымы. Орталығы Испанияда орналасқан. Бұл рейтингте біздің университет Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында үздік ондыққа кіреді (10-ыншы орын).

Round University Ranking (RUR Ranking) — жүздеген жетекші әлемдік университеттердің тиімділігін бағалайтын жоғары оқу орындарының жаһандық рейтингі. Штаб-пәтері Мәскеуде орналасқан ресейлік компания. Мұнда академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті үздік үштікке (3-ші орын) тұрақтап, ал «Беделді рейтингтер 2024» бөлімінде Қазақстанның ТОП-5 жоғары оқу орындарының қатарына кіреді (4-інші орын).

Nature Index — тәуелсіз зерттеушілер тобы беделіне қарай таңдаған жаратылыстану және денсаулық ғылымдары бойынша жоғары сапалы журналдарда жарияланған ғылыми мақалаларды бақылайтын ашық деректер базасы. Бұл көрсеткіште 2024 жылдың 1 наурызы мен 2025 жылдың 28 ақпаны аралығында академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу

---

университеті Қазақстанның ТОП-5 жоғары оқу орындарының қатарында (4-інші орын).

Білім беру қызметтері сапасының ESG халықаралық стандарттарына сәйкестігін ресми растау аккредиттеу арқылы жүзеге асатындығы белгілі. 2024-2025 оқу жылында университеттің 47 білім беру бағдарламасы **БСҚТА (IQAA)**, **АРТА (IQAA)** және **Орталық Азия білім жүйесін аккредиттеу қауымдастығы (САААЕ)** халықаралық агенттіктерінде мамандандырылған аккредиттеу талаптарына сәйкестік рәсімінен сәтті өтті.

Осылайша бүгінгі күні аккредиттелген бағдарламалардың үлесі қолданыстағы бағдарламалардың жалпы санының 85 %-ын құрайды. Беделді аккредиттеу агенттіктерінің жоғары бағасы біздің университеттің Қазақстанның жетекші көпсалалы жоғары оқу орындарының бірі ретінде танылуын, оның халықаралық және ұлттық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етті. Бұл — университет оқу процесін оқытушылардың жоғары білікті құрамымен, материалдық және ақпараттық ресурстармен толық қамтамасыз ететіндігінің көрсеткіші.

Негізгі стратегиялық көрсеткіштердің оң динамикасына қол жеткізілді, атап айтқанда:

- ғылыми және білім беру қызметіне жетекші шетелдік ғалымдарды тарту — жоспарланған 60 ғалымның орнына 212 ғалым;
- кәсіптік стандарттар мен еңбек нарығының қажеттіліктері негізінде білім беру бағдарламаларын жаңарту — жоспардағы 11 %-дың орнына 58,9 % жаңартылған білім беру бағдарламасын құрады;
- жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейінде білім алушылардың үлесін ұлғайту: биыл магистранттар мен докторанттардың үлесі жоспарланған 10 %-дың орнына 13,8 %-ды құрады;
- іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыру көлемінің ұлғаюы — жоспарланған 7 %-дың орнына 24,8 % болды;
- ғылыми конкурстардың, конференциялардың, олимпиадалардың жеңімпазы атанған студенттерінің саны жоспарлы көрсеткіштен бірнеше есе артып отыр (50 адамның орнына 297 адам);
- Күміс университет бағдарламасы бойынша тыңдаушылар санының артуы — жоспарланған көрсеткіш 60 адам, орындалу фактісі — 83 тыңдаушы;
- ғылыми инфрақұрылым құрылысы және жабдықтау — 1 нысан салу жоспарланған, 6 нысан жабдықталып, ашылды.

Әлемдік және ұлттық рейтингтерге қатысу қорытындыларын талдасақ, 2024-2025 жылдардағы білім беру қызметін сыртқы бағалау нәтижелері университет дамуының тұрақты оң динамикасын көрсетеді. Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті стратегиялық көрсеткіштер бойынша айтарлықтай алға жылжумен расталатын өз ұстанымын сақтап қана қоймай, оны мейлінше нығайта түсуде.

## АКАДЕМИЯЛЫҚ ДАМУ



2025 жылғы қабылдау науқаны аясында ҰБТ нәтижелері бойынша конкурс көрсеткіштерінің динамикасы байқалады. Дайындық бағыттары бойынша ҰБТ нәтижелері конкурс балдарының әртүрлі деңгейін көрсетті. Педагогикалық ғылымдар бағытында ең төмен және ең жоғары балл көрсеткіштері квоталарға байланысты 75-тен 132 балға дейін өзгерді. «Өнер және гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат», «Бизнес және құқық», «Жаратылыстану ғылымдары және математика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Инженерлік және құрылыс мамандықтары» мен «Қызмет көрсету саласы» бағыттары бойынша балдар 65-тен 128 аралығында болды.

Негізгі студенттік контингент елдің ірі аймақтарынан құралған: Қарағанды облысынан — 5872 студент, Түркістан облысынан — 2074, Жамбыл облысынан — 738 студент білім алуда.

2025 жылы мемлекеттік гранттарды ең көп алған бакалавриаттың білім беру бағдарламалары: «Шет тілі: екі шет тілі (ағылшын)», «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» және «Қазақ тілі және әдебиеті». Магистратурада гранттарды көп

алған бағыттар — «Ақпараттық жүйелер және технологиялар», «Бастауышта оқытудың педагогикасы және әдістемесі», «Биология» және «Информатика».

Ақылы негізде ең сұранысқа ие болған бағыттар: «Дене мәдениеті және спорт», «Құқықтану», «Шет тілі: екі шет тілі» және «Психология». Ал магистратурада шет тілдері және құқық саласындағы бағдарламалар жоғары сұранысқа ие болды.

Қазіргі таңда университеттің жалпы білім алушылар контингенті 13 875 адамды құрайды, оның ішінде: бакалавриатта — 12 933 студент, магистратурада — 784, докторантурада — 158. Бакалаврлардың арасында 564 «Алтын белгі» иегері және 10 пән олимпиадасының жеңімпазы бар.

Сонымен қатар университет шетелде де белсенді кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізуде: Баку және Бішкек қалаларында шетелдік талапкерлерді тартуға бағытталған кездесулер өтті.

Университетке ұлттық мәртебе берілуіне байланысты бірқатар білім беру бағыттары бойынша шекті балл 55-тен 65-ке дейін көтерілді. Бұл талапкерлерге қойылатын талаптарды күшейтіп, бәсекелестікті арттырды.



## ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ

Білім беру қызметтерін ұсыну біздің университеттің негізгі қызмет түрі, ал олардың басты тұтынушылары — биылғы жылы саны 13 875 адамды құраған білім алушылар. Бүгін бізге еліміздің түкпір-түкпірінен жаңадан 3700-ден астам жас жеткіншек келіп қосылды.



Университеттің алдында тұрған өзекті міндеттердің бірі — ғалымдардың ғылыми ізденістерін дамыту және жан-жақты қолдау.

Университетте ғылыми зерттеулерге арналған университетішілік гранттарды іске асыру қарқыны жоғары. Бұған университет тарапынан қаражат бөлудегі мақсатымыз — ғалымдарымыздың халықаралық жарияланым әлеуеті айқын, инновацияға негізделген, жаңашылдыққа және өзектілікке ие перспективалық ғылыми зерттеулерін қолдау.

2025 жылы (01.09.2025 ж. жағдай бойынша) университет ғалымдары жалпы сомасы 3,223 млрд теңгені құрайтын 94 жобаны жүзеге асыруда.

Университет басшылығы жас ғалымдардың «Ғылымдағы жаңа есім» бағдарламасы бойынша 8 жобаны іске асыруға жалпы сомасы 8,0 млн теңге көлемінде гранттар, сондай-ақ бір ішкі университеттік жобаға 5,0 млн теңге грант бөлді. Ғылыми топтар жоғары нәтижеге қол жеткізуде.

Жас ғалымдар жоғары сапалы үшөлшемді форматта жануарлардың морфологиялық және анатомиялық құрылымдарын құрастырды, iNaturalist

---

платформасының көмегімен университет кампусының аумағында биоалуандылықты бақылау жүзеге асырылды, шет тілдік білім беру саласындағы жасанды интеллект құралдарының онлайн-нұсқаулығы әзірленді, университет ғалымдарының профильдері бар «Buketov Academic Museum» веб-платформасы дайындалды, автоматтандырылған жобалау жүйелерін пайдалана отырып, геометриялық параметрлері бар оптикалық бұйымдардың 3D-моделі әзірленді, студенттер мен магистранттардың физиологиялық жағдайлары туралы қарапайым деректерді тіркеу және т.б. іске асырылуда.

Университетішілік жобаны іске асыру аясында академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің делегациясы QS Higher Ed Summit: Asia Pacific — жоғары білім саласындағы инновациялар мен халықаралық ынтымақтастыққа арналған ірі форумға қатысты. Сеулге сапары аясында университет өкілдері Korea Foundation-да «Қазақстан корейлерінің мәдени-тарихи мұрасы жеке тарихта = Культурно-историческое наследие корейцев Казахстана в личных историях = Korean Cultural and Historical Heritage in Kazakhstan Through Personal Stories» атты ғылыми монографияның тұсаукесерін өткізді.

Ішкі грант шеңберінде дайындалған басылым — Қазақстандағы корей диаспорасы өкілдерінің ауызша әңгімелері мен мұрағаттық құжаттарына негізделген бірегей зерттеу.



Делегация Сунгсин қыздар университетінде (Women's University of Sungshin) болып, онда бірқатар келісімдер жасап, меморандумға қол қойды. Құжат тараптардың ғылыми зерттеулер, оқытушылар мен студенттердің академиялық ұтқырлығы саласындағы ынтымақтастықты дамыту ниетін бекітті. Кездесу аясында корей университетінің басшылығына гранттық жоба аясында дайындалған ғылыми монография сыйға тартылды. Сонымен қатар басылым Ханкен ұлттық университетіне және Сувон университетінің тарих профессоры Пак Хванға жолданды. Сапар халықаралық ынтымақтастықты нығайту мен Қазақстан мен Корея Республикасы арасындағы мәдени диалогты ілгерілетуде маңызды қадам болды.

Жобалардың тақырыптары әлеуметтік, мәдени, тарихи, шығармашылық, инженерлік және технологиялық сипаттағы көптеген мәселелерді қамтыды. Зерттеу топтарын ұйымдастырған кезде бір факультеттің әртүрлі кафедраларының қызметкерлерін шақыру, сондай-ақ басқа факультеттердің мамандарын тарту тәжірибесі қолданылғанын айта кету керек. Пәнаралық коллаборацияға филология, тарих, химия, педагогика, заң факультеттерінің қызметкерлері белсенді қатысты.

**LE LEGALEXPERT.KZ**  
**ЦИФРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ**

ПЛАТФОРМАНЫҢ НЕГІЗГІ МҮМКІНДІКТЕРІ:

- ХАЛЫҚТЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ
- АЗАМАТТАРҒА ТЕГІН ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ
- ӘДІЛ СОТҚА ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ КЕҢЕЙТУ
- СОТ ЖҮЙЕСІНЕ ТҮСЕТІН ЖҮКТЕМЕНІ ОҢТАЙЛАНДЫРУ

КАЗАКСТАНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ТЕГІН ОНЛАЙН-ЗАҢГЕРЛІК СЕРВИС

№ BR21882302 ЖОБА  
«ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ  
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫ»

ЖОБANYҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ:

- «ЦИФРЛЫҚ ӘЛ-АУҚАТ» ТАҚЫРЫБЫНДА ОҚЫТУ ТРЕНИНГТЕРІ ӨТКІЗІЛДІ
- «ЦИФРЛЫҚ ДЕТОКС» АТТЫ ИНТЕРАКТИВТИ ОЙЫН ӘЗІРЛЕНДІ
- DIGITAL ADDICTION RESEARCH ОНЛАЙН-ПЛАТФОРМАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ
- ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК МАТЕРИАЛДАР ДАЙЫНДАЛДЫ
- ЖОБА МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ, МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖЕКЕМЕНШІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ЕНГІЗІЛДІ
- ПСИХОЛОГ МАМАҢДАРДЫҢ КӘСІБИ СӘЙКЕСТІГІН РАСТАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛЕТТІ ОРГАН ҚҰРЫЛДЫ
- ЖОБА ISO/IEC 17024:2014 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТЫ БОЙЫНША АККРЕДИТТЕЛДІ
- ПСИХОЛОГТАРДЫ ҰЛТТЫҚ СЕРТИФИКАТТАУ ЖҮЙЕСІН ДАМУҒА ҮЛЕС ҚОСТЫ
- МАМАҢДАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ТАЛУҒА МҮМКІНДІК БЕРДІ

2024-2025 жылдары БНҚ (бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру) мегагранттары аясында ірі жобалар іске асырылуда. Мысалы:

Заң факультетінің ғалымдары Legalexpert.kz цифрлық платформасын жасап, іске қосты. Мұндай платформаның құрылуы қазіргі уақытта өте өзекті болып табылатын екі маңызды әлеуметтік-экономикалық мәселемен тікелей байланысты.

Біріншіден, бұл халықтың құқықтық сауаттылығының төмендігі. Азаматтардың көпшілігі заң терминдерін білмейді, іс жүргізу талаптарынан бейхабар, қандай құжаттарды, қандай түрде тапсыру керектігін түсінбейді, бұл өтініштерді қабылдаудан бас тартуға, орындау мерзімдерінің кешіктірілуіне, сайып келгенде, сот төрелігіне қол жеткізе алмау мәселесіне әкеледі.

Екіншіден, кәсіби заң көмегіне жүгіну үшін қалтаңда қомақты қаржы болу керек. Халықтың қалың көпшілігі мен шағын бизнес үшін заңгерден кеңес алу, оның істі сотта қарауға дайындауында ақыл-кеңестің болмауы айтарлықтай шығындарға әкеп соғады. Осы себепті заң азаматтар жағында болса да, олар көбінесе өз құқықтарын қорғаудан бас тартады.

Ұсынылып отырған Legalexpert.kz кешенді платформасы жасанды интеллект технологияларына негізделіп, осы мәселелерді синергетикалық түрде шешуге арналған. Біз мемлекет басшысының саясатына сәйкес халыққа арналған жасанды интеллектке негізделген цифрлық өнімді әзірлеп, енгізіп жатырмыз.

Сондай-ақ есепті жылы нысаналы қаржыландыру бағдарламасының мегагранттары шеңберінде № BR21882302 «Цифрлық трансформация жағдайындағы қазақстандық қоғам: перспективалары мен тәуекелдері» жобасы іске асырылуда. Қазіргі заманғы жеке тұлға мен қоғамның психологиялық және әлеуметтік аспектілері бойынша іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізетін ғылыми-зерттеу әлеуметтік-психологиялық зертхана құрылды.

Негізгі нәтижелердің бірі цифрлық технологияларды салауатты пайдалану мәдениетін қалыптастыруға және интернетке тәуелділіктің алдын алуға бағытталған практикалық бағдары бар «Цифрлық детокс» (*Digital detox*) зияткерлік кешенін құру болды. Кешенге «Цифрлық салауаттылық» тренингтері, «Цифрлық детокс» (*Digital detox*) ойыны, *Digital Addiction Research* онлайн-платформасы мен әдістемелік материалдар кіреді. Бұл әзірleme бірқатар мектепке дейінгі, медициналық және жекеменшік ұйымдарда сәтті енгізілді.

Осы жоба аясында ISO/IEC 17024-2014 МемСТ халықаралық стандарты бойынша аккредиттелген психология саласындағы мамандардың сәйкестігін растау жөніндегі орган құрылды. Бұл психологтарды сертификаттаудың ұлттық жүйесін дамыту мен олардың біліктілігін халықаралық деңгейде таныту рейтингінде Қазақстанның алатын орнын нығайта түсті.



	<b>485,922</b> МЛРД ТЕНГЕ	ҚҰРЫЛЫС ҚҰНЫ
	<b>2 000 КВ.М</b>	ЖАЛПЫ АУДАН
	<b>ӨЗ ҚАРАЖАТЫ ЕСЕБІНЕН</b>	ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗІ


2024 жылы жоғары білім беруді, ғылыми зерттеулер мен көп салалы өндірісті интеграциялау мақсатында бірыңғай инновациялық платформа — «Akylbaev Research Center» аймақтық технопаркi құрылды. Оның негізінде заманауи ғылыми-зерттеу орталықтары мен зертханалар ұйымдастырылды, соның ішінде:


- 1) Жаңартылатын энергия көздері зертханасы;
- 2) Сутекті өндіру және сақтау проблемалары зертханасы;
- 3) Қолданбалы механика және роботтехникасы зертханасы;
- 4) Персоналдың сәйкестігін растау жөніндегі орган;
- 5) Инновациялық салауаттылық пен кәсіби даму орталығы;
- 6) Аддитивті технологиялар зертханасы;
- 7) Жасанды интеллект зертханасы

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті өңірлік жоғары оқу орындары арасында жарияланымдық белсенділігі бойынша көшбасшы. Университет ғалымдарының жарияланымдарының жартысы бірінші-үшінші кварталдердегі журналдарда жарық көрді.



Зерттеу нәтижелері шетелдік ғалымдар сілтеме жасайтын жоғары рейтингтік басылымдарда жарияланады. Жұмыс нәтижесінде университет ғалымдарының 42 монографиясы жарыққа шықты, Web of Science Clarivate Analytics (*Веб оф Саенс Клэрайтив Энэлитикс*) және Scopus (*Скопус*) ақпараттық дерекқорларының журналдарында 448 басылым жарияланып, 12 патент алынды.

Отандық ғылымды тиімді дамытудың қажетті шарты — қазақстандық ғалымдардың ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін танымал ету және оларды әлемдік ғылыми қауымдастыққа интеграциялау. 2024–2025 оқу жылында академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті 12 ғылыми журналдың иесі әрі баспагері болды.



Сонымен бірге ғылыми-зерттеу қызметін дамыту мен жарияланым белсенділігін арттыруға ерекше назар аударылады. 2024 жылдан бастап Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің (ҒЖБСҚК) Қазақстан Республикасының ғылыми журналдарына қойылатын жаңа талаптары күшіне енді.

Жаңа бұйрыққа сәйкес, біздің университеттің 10 ғылыми басылымы:

- 4 журнал Web of Science және Scopus халықаралық ғылыми дерекқорларында индекстелетін басылымдар ретінде 1-тізімге енді;
- 6 журнал ҒЖБСҚК-ның қолданыстағы тізбесіне кіретіндіктен 2-тізімге енгізілді.

Бұл нәтиже академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің ғылыми басылымдарының жоғары сапасы мен ғылыми әлеуетінің прогрессивті дамуын мойындаудың дәлелі.

2024 жылы «Қарағанды университетінің хабаршысы. Экономика сериясы» журналына ребрендинг бойынша жұмыстар жүргізілді. Осы жұмыстардың нәтижесінде 2025 жылғы № 1(117) шығарылым «Buketov Business Review» (*Букетов Бизнес Ревью*) деген жаңа атаумен жарық көрді.

Дене шынықтыру және спорт факультетінде «Trends in Physical Education and Sport» (*Трендз ин Физикал Эдюкейшн энд Спорт*) атты жаңа ғылыми журналдың алғашқы саны жарыққа шығарылды. Журнал Шэньян педагогикалық университетінің (Шэньян қ., Қытай) әріптестерімен бірлесіп жасалды.

«Қарағанды университетінің хабаршысы. «Биология. Медицина. География» сериясы» журналы ребрендинг нәтижесінде қайта құрылымдалды: «География» сериясы бөлек басылымға бөлініп, негізгі биологиялық бағыт «Fundamental and Experimental Biology» (*Фандэмэнтл энд Экспэриментл Байолоджи*) деп өзгертілді.

ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ҚҰРЫЛЫМЫ	
БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ САБАҚТАС	8D05101/60060700
МАТЕМАТИКА	8D05401/6D060100
ЭКОНОМИКА	8D04101/60050600
ҚҰҚЫҚТАНУ	8D04201/6D030100
ТАРИХ	8D04201/6D030100
ШЕТЕЛ ТІЛІ	8001702/6D011900

ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ҚҰРЫЛЫМЫ	
ФИЗИКА	8D05302/60060400
ФИЗИКА	6D060400
ХИМИЯ	6D060600
ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ	8001701
ФИЛОСОФИЯ	8D04201/6D030100
ФИЛОЛОГИЯ	8002301/6D020500
ЦИФРЛЫҚ ПЕДАГОГИКА	8D01103

Негізгі міндеттердің бірі — ғылыми кадрларды даярлау. Қарағанды ұлттық зерттеу университетінде 13 диссертациялық кеңес жұмыс істейді.

Диссертациялық кеңестер ғылыми жұмыстарды мұқият тексеру функциясын ғана атқарып қоймай, сонымен қатар университеттегі оқу процесі мен ғылыми зерттеулердің сапасын арттыруға айтарлықтай үлес қосады. Олардың қызметі жоғары білікті оқытушылар мен зерттеушілер санының өсуіне ықпал етеді, бұл өз кезегінде ҚарҰЗУ-дың елдің жетекші ғылыми және білім беру орталықтарының бірі ретіндегі беделін нығайтады. 2024 оқу жылында академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті базасында PhD дәрежесін алу үшін диссертациялық жұмыстарды сәтті қорғаған 30 түлекке белгіленген үлгідегі дипломдар табыс етілді. 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында PhD дәрежесінің жаңа иегерлеріне тағы 11 диплом салтанатты түрде табысталды.

2024–2025 оқу жылында бірқатар ғалымдарымыз озық технологияларды игеру мақсатында «Болашақ» бастамасымен іске асырылатын «500 ғалым» бағдарламасы аясында әлемнің жетекші орталықтарында ғылыми тағылымдамадан өтті. Төрт ғалым мемлекеттік ғылыми сыйлықтардың иегері атанды. Университеттің 7 ғалымы George Washington University (АҚШ, Колумбия округі); University of Illinois (АҚШ, Урабан-Шампейн); Herriot Watt University (Шотландия, Эдинбург қ.); University of Reading (Англия, Беркшир графтығы) тағылымдамадан өткен болса, тағы 1 ғалым 2026 жылы Гумбольдт университетінде (Германия, Берлин қ.) тағылымдамадан өтуді жоспарлап отыр.



---


Осылайша, университет контингенттің тұрақты өсуін көрсетіп, елдің білім беру кеңістігіндегі позициясын нығайта отырып, кәсіптік бағдар беру жұмысын тиімді дамытуда.



Осы бастаманы қолдау мақсатында Басқарма Төрағасы — Ректор Н.О. Дулатбеков пен Басқарма мүшесі — стратегиялық даму жөніндегі проректор Е.Ж. Сармурзин оңтүстік облыстарға барып, түлектер мен олардың ата-аналары үшін «Серпін» бағдарламасы аясында түсіндірме жұмысын өткізді, Бөкетов университетінің жетістіктері туралы айтып, түлектердің сұрақтарына жауап берді.



## БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ



Студенттер білім алатын университеттің білім беру бағдарламалары тек пәндік білімді қалыптастыруға ғана емес, сонымен қатар икемді әрі цифрлық дағдыларды дамытуға, инклюзия, тұрақты даму, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет құндылықтарын қалыптастыруға, сондай-ақ ғылыми зерттеулер мен жасанды интеллектіні қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған. Білім беру бағдарламаларын әзірлеуге дәстүрлі түрде әлемдік трендтер мен мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес білім беру бағдарламаларын жетілдіруге белсенді қатысатын білім алушылар мен жұмыс берушілер тартылады. Сонымен бірге ғылыми зерттеулер ұлттық зерттеу университетінің білім беру процесінің ажырамас бөлігі болуы үшін білім беру бағдарламаларының ғылыми компоненті күшейтілді.

Қазір студенттер үшін 86 жаңартылған бакалавриат білім беру бағдарламасы, 62 магистратура бағдарламасы және 20 докторантура бағдарламасы қолжетімді. Бүгінгі күнде бағдарламалардың 84 %-ы халықаралық және республикалық аккредиттеу агенттіктерінде аккредиттеуден сәтті өтті және бұл жұмыс жалғасуда. Беделді аккредиттеу агенттіктерінің жоғары бағасы біздің университеттің Қазақстанның жетекші көпсалалы жоғары оқу орындарының бірі ретінде танылуын, оның халықаралық және ұлттық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етті.

---

## БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

### КІТАПХАНА РЕСУРСТАРЫ

Ғылыми кітапхананың қызметі университеттің білім беру және ғылыми қызметін оқу және ғылыми әдебиеттермен, сондай-ақ ғылым, білім, мәдениет саласындағы жетістіктер туралы жаңа ақпаратпен уақтылы қамтамасыз етуге, пайдаланушыларға ақпараттық және кітапханалық қызмет көрсету сапасын арттыруға бағытталған.

Кітапханаға жыл сайын 10 мың данадан астам кітаптар мен журналдар келіп түседі. Кітапхана қорын қалыптастыруға университеттің профессор-оқытушылық ұжымы да атсалысты. 2025 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша кітапхана қорының көлемі 1 039 607 дана кітапты құрады, оның ішінде:

- оқу әдебиеті — 611 462;
- ғылыми әдебиет — 336 732;
- көркем әдебиет — 91 413.

Университет баспасынан шыққан кітаптардың саны — 1 338 дана, олар кітапхана қорына қабылданды.


Мерзімді басылымдарға жазылу көлемі 770 дана болып, жалпы сомасы 11 577 885 теңгені құрады.

Университеттің профессор-оқытушылар құрамының ғылыми еңбектерінің ашық толықмәтінді базасын қалыптастыру жұмысы бүгінгі күні әрбір жоғары оқу орны мен академиялық кітапхана үшін өзекті әрі басым міндет. Кітапхана репозиторийі ғылыми коммуникациялардың заманауи деңгейін қамтамасыз етеді, университеттің имиджін қалыптастыруға және нығайтуға ықпал етеді, ғылыми зерттеулер нәтижелерінің жариялылығы мен қолжетімділігін едәуір арттырады, жаңа ғылыми білімнің жедел таралуына мүмкіндік береді және ғылыми зерттеулердің үйлесімділігін күшейтеді. Институционалдық репозиторийде университеттің профессор-оқытушылар құрамының 20 мыңнан астам зияткерлік еңбектері қамтылған.

Білім беру үдерісін кітапханалық-ақпараттық тұрғыдан қолдау мақсатында Республикалық жоғары оқу орындары арасындағы электрондық кітапхана (РЖООЭК), E-library, «Параграф» ақпараттық жүйесі және т.б. ресурстарға толықмәтінді қолжетімділік қамтамасыз етіледі. Ұлттық лицензиялық жазылу аясында Scopus, Clarivate Analytics және Wiley сияқты шетелдік электрондық ресурстар қолжетімді.

2024–2025 оқу жылында оқу кітапханаларын жаңғырту жұмыстары жалғастырылды. Жаңғырту жобасы филология және шетел тілдері факультеттерінің оқу кітапханаларында жүзеге асырылды. Аталған жобаны іске асыру нәтижесінде кітапханаларда кітап қорына ашық қолжетімділік ұйымдастырылып, жобалық және топтық жұмысқа, түрлі мақсаттағы іс-шаралар

өткізуге арналған орындар жабдықталды. Магистранттар, докторанттар мен оқытушыларға арналған жұмыс залы, коворкинг-орталық, сирек кітаптар қорының аймағы ұйымдастырылды.



Университеттің ақпараттық ресурстарына пайдаланушылардың қолайлы қолжетімділігін және жұмыс орындарын тиімді ұйымдастыру мақсатында оқу кітапханалары үшін жаңа буын кітапханаларына арналған RFID-жабдықтары сатып алынып, орнатылды.

RFID жүйесін пайдалану заманауи кітапханалардың алдында тұрған міндеттердің басым бөлігін шешуге мүмкіндік береді: қорлармен жұмыс нақты уақыт режимінде жүзеге асырылады, студенттермен жұмыс сапасы артады, сондай-ақ университеттің барлық білім беру ресурстарына ашық қолжетімділікті ұйымдастыруға жағдай жасайды.


## Тарих факультетінің оқу кітапханасы

### Оқу залы





*Абонемент*



---

*Коворкинг орталығы*



*Сирек кітаптар қоры*



---

## Педагогика факультетінің оқу кітапханасы

### Оқу залы



### Электрондық ресурстар залы



*Дизайн-студиясы*



*Холл*



---

## Филология факультетінің оқу кітапханасы

*Этноаумақ*



*Абонемент*



*Холл*





*Сирек кітаптар қоры*



---

## Шетел тілдер факультетінің оқу кітапханасы


Оқу залы



## БАСПА ҚЫЗМЕТІ

Университеттің баспасы білім беру және ғылыми үдерісін қолдай отырып, ғылыми, оқу және әдістемелік әдебиеттерді басып шығару міндеттерін жүзеге асырады. Есепті кезеңде шығарылған оқу және ғылыми басылымдар санының, баспа өнімдерінің жалпы көлемінің едәуір артқаны байқалды.

Есепті оқу жылында баспаның өндірістік қуаты 140 193 б.т. құрады.



1-сурет. 2020–2025 оқу жылдары аралығындағы басылым түрлері бойынша баспаның өндірістік қуаты


Өндіріс көлемінің артуына ең елеулі үлес қосқан басылым түрлері:

- Оқу әдебиеті (көлемі 14 184-тен 25 915 б.т. дейін өсті, +83%);
- Ғылыми басылымдар (2 224-тен 4 239 б.т. дейін өсті, +90%);
- Көркем әдебиет (1 812-ден 10 342 б.т. дейін өсті, +470%).

Университеттің ғылыми журналдары мен оқу басылымдарын мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес дайындау мақсатында түзетулер енгізу, беттеу, техникалық редакциялау және басқа да баспаға дейінгі дайындық жұмыстарын қамтитын кең ауқымды жұмыстар тұрақты түрде жүзеге асырылады. Баспа филология факультетінің студенттері үшін өндірістік тәжірибеден өту базасы болып саналады. Атқарылған іс-шаралардың нәтижесінде стандарттарға толық сәйкес келетін ғылыми журналдар мен оқу-әдістемелік материалдар уақтылы дайындалып, жарық көрді.



2-сурет. Университет баспасында шығарылатын баспа өнімдерінің түрлері



3-сурет. 2024–2025 жылдары баспа өнімдерін шығару бойынша негізгі көрсеткіштердің алдыңғы кезеңдермен салыстырғандағы өсімі, %

Университеттік іс-шараларды ақпараттық қолдауды қамтамасыз етуге арналған тақырыптық полиграфиялық өнімдер баспаның өз материалдық-техникалық базасын пайдалану арқылы шығарылады.



4-сурет. Университет баспасы шығаратын баспа өнімдері

Есепті кезеңде университеттің фирмалық символикасы бейнеленген, шамамен 4 000 данаға жуық қатты мұқабалы диплом дайындалды, сондай-ақ түлектерге арналған дипломдар мен олардың қосымшаларын басып шығару жүзеге асырылды.

2024–2025 оқу жылында баспа көрсеткен баспа-полиграфиялық қызметтердің жалпы көлемі 65 885 мың теңгені құрады, оның ішінде:

- университет үшін — 40 623 мың теңге;
- ақылы қызметтер — 25 262 мың теңге.



5-сурет. 2023–2025 оқу жылдары аралығында баспа-полиграфиялық қызметтер көлемінің ақшалай көрсеткіштердегі өзгерісі

---

Өндіріс көлемінің өсуі келесі факторлардың есебінен қамтамасыз етілді:

*1. Ғылыми қызметтің жандана түсуі*

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ-тың Оқу және ғылыми әдебиеттерді шығару және коммерциялық тарату туралы Ережесіне сәйкес білім беру үдерісі үшін ғылыми және оқу басылымдарын шығару бойынша белсенді жұмыс жалғасуда. Университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлері арасында жарияланымдық белсенділіктің тұрақты өсуі байқалады. Монографиялар, ғылыми жинақтар мен еңбектер санының едәуір артуы баспалық қызмет ауқымының кеңеюіне тікелей ықпал етті.

*2. Оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді күшейту*

- Қазіргі заманғы әдістемелік материалдарға, оның ішінде жаңа оқу әдебиеттеріне деген сұраныстың артуы басылым көлемінің өсуіне әсер етті;
- Баспалық қызмет оқу бағдарламаларын іске асыруды белсенді түрде қолдай отырып, оларды қажетті оқу-әдістемелік ресурстармен қамтамасыз етеді.

*3. Ұйымдастырушылық-техникалық өзгерістер*

- Оқу әдебиеттерін дайындау және шығару мәселелері бойынша факультеттермен және құрылымдық бөлімшелермен тығыз өзара іс-қимыл жолға қойылды;
- Редакциялық-баспалық үдерістер оңтайландырылды, соның ішінде лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуге жыл сайын жазылуды рәсімдеу арқылы;
- Университет тарапынан баспа жабдықтары жаңғыртылды: құны 14 млн теңгеден астам жоғары жылдамдықты көпфункционалы Xerox PrimeLink 9125 құрылғысы (А3 форматты, басып шығару жылдамдығы — А4 форматында минутына 125 бет) сатып алынды;
- Баспаның қызметкерлерінің жоғары кәсіби деңгейі және қазіргі білім беру ортасының талаптарына жедел бейімделу қабілеті сапалы, өзекті және уақтылы баспа өнімдерін шығаруға мүмкіндік береді.

2024–2025 оқу жылында университет баспасының өндірістік қуаты айтарлықтай артты. Негізгі өсім оқу және ғылыми әдебиеттер үлесіне тиесілі болды. Бұл жоғары оқу орнының ғылыми-білім беру ортасының дамуын айқындайды және университеттің барлық факультеттері мен құрылымдық бөлімшелерінің жүйелі жұмысының нәтижесі.

---

## АҚПАРАТТЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Тағы бір маңызды жұмыс бағыты — цифрлық университет қалыптастыру. Бұл бағытта да біздің университет білім беру процесіне жасанды интеллект құралдарын кезең-кезеңімен енгізу арқылы өз тәжірибесін белсенді түрде кеңейтуде. Аталған жұмыс оқу және ғылыми қызметтің сапасын арттыруға, сондай-ақ университеттің цифрлық экожүйесін дамытуға бағытталған.

Қазіргі уақытта студенттерге цифрлық ресурстардың кең ауқымы — электронды презентациялар, электронды дәрістер, бейнедәрістер қолжетімді. Оларды күндізгі және қашықтықтан оқыту нысандарының студенттері пайдаланады. Қашықтықтан білім беру орталығы жаппай ашық онлайн-курстар әзірледі. Орталық базасында халықаралық «Coursera» платформасында оқыту ұйымдастырылды. Игерілген курстардың жалпы саны бойынша біздің университет жетекші орындардың бірін иеленіп отыр.

Заманауи техникалық жабдықтау инновациялық білім беру әдістерін енгізудің маңызды шарты десек қателеспейміз. Осы міндет аясында Ақпараттық технологиялар және телекоммуникациялар орталығы цифрлық инфрақұрылымды техникалық жарақтандыруды және жаңғыртуды, бағдарламалық шешімдерді енгізуді, цифрлық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді және т.б. іске асырады.

Мемлекет басшысы жақында сөйлеген сөзінде, цифрлық технологиялар жаһандық еңбек нарығын көз ілеспес жылдамдықпен өзгертіп жатқанын атап өтті. Бүгінгі таңда жасанды интеллектпен және заманауи цифрлық құралдармен жұмыс істеу дағдыларын меңгерген кадрларды даярлауға ерекше назар аударылады.

Президент бұл саладағы құзыреттілікті қалыптастыру мектептен басталуы керек екеніндігіне айрықша тоқталды. Осы ретте, қазірдің өзінде мектеп оқушыларына арналған жасанды интеллект негіздері бойынша бағдарламалар, сондай-ақ жаңа технологияларды оқытатын педагогтерге арналған курстар әзірленуде.

Бұл бастамалар жоғары білім үшін де ерекше маңызға ие. Университеттерге ғылыммен, инновациямен және цифрлық технологиялармен байланысты бағыттарды белсенді дамыту тапсырылды. Жоғары оқу орындарының талантты студенттер мен зерттеушілерді тарту орталығына айналуы, жаңа білімді практикаға енгізу үшін жағдай жасауы маңызды.

**Жылдың маңызды оқиғаларының бірі Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің жасанды интеллектіге арналған «AI-SANA» инновациялық бағдарламасын іске асыру бойынша біздің университетті басты жоғары оқу орнына айналдыру жөніндегі тапсырмасы.** Бұл тапсырма университет ұжымының еңбегін мойындау деп білеміз. Бағдарлама білім алушылар мен оқытушылардың цифрлық құзыреттіліктерін дамытуға, жасанды интеллект технологияларын оқу бағдарламаларына интеграциялауға, сондай-ақ цифрлық білім берудің экожүйесін құруға бағытталған. Студенттерді 100 % оқыту ұйымдастырылды және университет Қазақстанның барлық жоғары оқу орындары арасында ЖИ-курстарын оқыту бойынша үздік нәтиже көрсетті.



### КАДРЛЫҚ РЕСУРСТАР

КӨРСЕТКІШТЕР	2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫ	2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫ
<b>ПОҚ САНЫ</b>	<b>1138</b>	<b>1053</b>
<b>ОНЫҢ ІШИНДЕ ШТАТТЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР</b>	<b>921(81%)</b>	<b>883(84%)</b>
<b>ҒЫЛЫМИ ДӘРЕЖЕСІ БАРЛАР</b>	<b>457 (50%)</b>	<b>405 (50%)</b>
<b>PHD ҒЫЛЫМИ ДӘРЕЖЕСІ БАРЛАР</b>	<b>118</b>	<b>116</b>
<b>МАГИСТР ДӘРЕЖЕСІ БАРЛАР</b>	<b>447</b>	<b>456</b>
<b>ПОҚ ОРТАША ЖАСЫ/ҒЫЛЫМИ ДӘРЕЖЕСІ БАРЛАРДЫҢ ОРТАША ЖАСЫ</b>	<b>45/53</b>	<b>46/49</b>

<b>49</b> ҒЫЛЫМ ДОКТОРЫ	<b>116</b> ФИЛОСОФИЯ ДОКТОРЛАРЫ (PHD)	<b>46</b> ПОҚ орташа жасы
<b>240</b> ҒЫЛЫМ КАНДИДАТТАРЫ	<b>456</b> ҒЫЛЫМ МАГИСТРЛЕРІ	

Университеттің қажеттіліктеріне толық сәйкес келетін университеттің кадрлық резерві дамып, жетілдірілуде. Ғылыми дәрежелері бар профессор-оқытушылар құрамының үлесі 50 %-ды құрап отыр.

Тәжірибеге бағдарланған құрамдас бөлікті кеңейту мақсатында кадрлар даярлауға өндірісте практикалық жұмыс өтілі бар жетекші ғалымдар мен мамандар тартылады.

Біздің көптеген оқытушыларымыз академиялық және ғылыми салалардағы жоғары жетістіктері үшін марапаттарға ие болды. Атап айтсақ: «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгілерімен, «Ғылым үздігі» Құрмет дипломдарымен, Ғылым және жоғары білім министрлігінің Құрмет грамоталарымен, облыс әкімінің грамоталарымен және т.б. марапатталды.

## ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

2024–2025 ЕСЕПТІК ОҚУ ЖЫЛЫНДА ЖАҒАРТЫЛЫП, КЕЛІСІМДЕР ЖАСАЛДЫ

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ШЕТ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ» ММ	АҚСУ-АЮЛЫ	
«ӘЛЕУМЕТТІК-КӘСІПКЕРЛІК КОРПОРАЦИЯ» АҚ	ҰЛЫТАУ, ЖЕЗҚАЗҒАН Қ.	ulytau
«ЕВРОТЕХНО ЛОГИСТИК» ЖШС, ҚАРАҒАНДЫ Қ.	СЕНАТОР	SENATOR
«ТУРИСТІК АҚПАРАТТЫҚ ОРТАЛЫҚ» КММ	VIZITQARAGANDA	
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОҚУ-САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҒЫ	БАЛДАУРЕН	baldauren
ШЕТЕЛДІК КӘСІПОРЫН	SCS KAZAKHSTAN LTD	SGS

**ПРАКТИКА БАЗАЛАРЫМЕН 101 КЕЛІСІМШАРТ**

**ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭНЕРГЕТИКАСЫ

**ЦЕМЕНТ**

**ІРІ ПРАКТИКА БАЗАЛАРЫ**

Garmet SHUBARKOL KOMIR QAJ

QAZAQSTAN

**ТҮЛЕКТЕРМЕН КЕЗДЕСУЛЕР**

АМИРСАНА SR SILK ROAD QAZ TEHNA

Университет әлеуметтік әріптестік жағдайында мамандар даярлауда тығыз өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді. Ол: білім беру — практика — жұмысқа орналастыру.

Жұмыс бірнеше бағытта жүргізіледі: жұмыс берушілерді оқу үдерісіне тарту, дуальды оқытуды енгізу, облыстың ірі кәсіпорындары мен мекемелерінде студенттердің практикасын ұйымдастыру, мансапты жоспарлау және түлектердің жұмысқа орналасуына мониторинг жүргізу.

Практикадан өту туралы шарттар саны артты: практика базаларымен 101 жаңа шарт жасалды.

Есепті жылы бакалавриаттың педагогикалық бағытындағы барлық білім беру бағдарламалары бойынша дуальды оқыту элементтерімен оқытуға жаңа шарттар жасалды. «Жылу энергетикасы», «Аударма ісі» білім беру бағдарламалары бойынша дуальды оқыту жалғастырылды және ол бойынша оқу материалының 30 %-ы тікелей өндірісте игеріледі.

Түлектерді жұмысқа орналастыру жұмыстары табысты жүргізілуде. Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 82 %-ды құрады.

---

## ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ

Бәсекеге қабілетті түлекті даярлау үшін қосымша білім беру үлкен маңызға ие. Бұл жұмысты қосымша білім беру факультеті табысты жүзеге асыруда және ол келесідей бірнеше бағыттардан тұрады:

- құзыреттілік моделі негізінде профессор-оқытушылар құрамы үшін қосымша білім беру жүйесін енгізу;
- кадрлар даярлауды, қайта даярлауды қамтамасыз ету, ғылыми-педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру;
- кәсіби өсуді қамтамасыз ету шараларын іске асыру;
- ұсынылатын қосымша және формальды емес білім беру бағдарламаларының, оның ішінде қашықтықтан білім беру бағдарламаларының ауқымын кеңейту.

Өмір бойы оқыту идеясы Күміс университет аясында жүзеге асырылады. Сонымен қатар қосымша білім беру факультеті базасында жоғары оқу орнында инклюзивті білім беру процесін ұйымдастыру, педагогикалық емес бейіндегі мамандарды педагогикалық мамандыққа қайта даярлау және т.б. курстар өтеді.



---

қолжетімді, олар ақпараттық-техникалық құралдармен жабдықталған, жалпы 320 орын, оның ішінде: акт залы — 250 орын, спорт залы мен асхана, кітапхана — 70 орын, электрондық ресурстар залы — 1 зал, 40 орын. 11-корпуста 4 бірлік техниканы сақтау үшін бокстар бар, қазіргі уақытта онда 2 арнайы техника бірлігі орналастырылған: радиациялық, химиялық және биологиялық қорғаныс құралдары, АРС-14 және УАЗ-469рх. Әскери кафедра аумағында жалпы ауданы 252 шаршы метр болатын саптық алаңы жабдықталған. Университеттің 4-ші оқу корпусының жертөле қабатындағы 18-аудитория — 15 орынға (жер макеті), 25-аудитория — 15 орынға (лазерлі тир) арналған, қойма бөлмелерінде студенттердің радиациялық, химиялық және биологиялық қорғаныс дағдыларын практикалық сабақтар барысында меңгеру үшін құрал-жабдықтар сақталады. Сабақтарды сапалы өткізу үшін әскери кафедра РХБҚ қажетті құралдарымен, әр студент жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілген. Барлық аудиториялар стендтер, плакаттар, мультимедиялық проекторлар және бір интерактивті тақтамен жабдықталған.

---

## БІЛІМ БЕРУДІ ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУ

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті қызметінің маңызды бағыттарының бірі жоғары оқу орнын интернационалдандыру және сыртқы білім беру нарығына интеграциялау. Ол келесі іс-шаралар арқылы жүзеге асырылады:



Бүгінгі таңда академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті 193 шетел жоғары оқу орындарымен және 70 қазақстандық оқу мекемелерімен және ұйымдарымен серіктестік қатынастар орнатқан. Серіктестік географиясы келесідей:

№	Мемлекет / Аудан	Шарттар саны
1	Ресей Федерациясы	68
2	Қазақстан	70
3	Өзбекстан	25
4	Польша, Беларусь	11-ден
5	Түркия	14
6	Қырғызстан	9
7	Қытай	8
8	Румыния	6
9	Венгрия	5
10	Әзірбайжан	4
11	Чехия, Германия, Италия, Моңғолия	3-тен
12	Тәжікстан, Словакия, Үндістан, Болгария, Литва	2-ден
13	Канада, Финляндия, Нидерланды, Малайзия, АҚШ, Шотландия, Бельгия, Латвия, Молдавия, Индонезия	1-ден

Қазіргі таңда университет QS WUR әлемдік рейтингінің ТОП-500 кіретін 14 университетімен қарым-қатынас орнатуда:

№	Университет	Мемлекет	QS WUR (2024)
1	М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті	Ресей	105
2	Петронас технологиялық университеті	Малайзия	251
3	Карлов университеті	Чехия Республикасы	265
4	Хериот-Уатт университетінің Эдинбург Бизнес-мектебі	Ұлыбритания	287
5	Патрис Лумумба атындағы Ресей халықтары достығы университеті	Ресей	367
6	Санкт-Петербург мемлекеттік университеті	Ресей	375
7	Оңтүстік Қытай технологиялық университеті	Қытай	377
8	II Фридрих атындағы Неаполитан университеті	Италия	379
9	«Экономика жоғары мектебі» Ұлттық зерттеу университеті	Ресей	440
10	Вильнюс университеті	Литва	446
11	Белорусь мемлекеттік университеті	Беларусь	447
12	Қазан (Приволжск) федералды университеті	Ресей	450
13	Новосибирь ұлттық зерттеу мемлекеттік университеті	Ресей	461
14	Томск мемлекеттік университеті	Ресей	499

---

Сонымен қатар Эразмус+ академиялық алмасу бағдарламасы аясында келесі елдердің университеттерімен екіжақты келісімдер жасалды:

- Лориенталь университеті, Италия;
- Салоники қаласындағы Аристотель университеті, Грекия;
- Гази университеті, Түркия;
- Катовице қаласындағы Экономика университеті, Польша;
- Познань қаласындағы Адам Мицкевич университеті, Польша;
- Квидзынь қаласындағы Повислан мемлекеттік университеті, Польша;
- Кастамону университеті, Түркия.

Халықаралық ынтымақтастықтың негізгі бағыттарына қос диплом бағдарламалары, академиялық ұтқырлық, профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру, ғылыми тағылымдамалар, магистратура және докторантура студенттерінің ғылыми жұмыстарына жетекшілік, бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу, жарияланымдар және бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру кіреді.

Халықаралық ынтымақтастық географиясын және бағыттарын кеңейту үшін университет түрлі елдердің елшіліктерімен белсенді жұмыс істейді. 2024–2025 оқу жылында университетке келесі елшілік делегациялары келді:

- АҚШ елшілігі: 2024 ж. 18 қыркүйек (Fulbright бағдарламасы бойынша ағылшын тілі оқытушысы Джон Марущак);
- Түрік Республикасы елшілігі: 2024 ж. 30 сәуір, Түрік Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Мустафа Капуджу бастаған делегация;
- Нидерланд Корольдігі елшілігі: 2024 ж. 17 қыркүйек, Орталық Азиядағы Нидерланд Корольдігінің Төтенше және Өкілетті Елшісі Нико Шермерс бастаған делегация;
- Корея Республикасы елшілігі: 2024 ж. 4 қыркүйек — саяси бөлім меңгерушісі Ким Иль-джунг; 2024 ж. 20 қыркүйек — Төтенше және Өкілетті Елші Чжо Тэ-ик; 2024 ж. 25 желтоқсан — саяси бөлім меңгерушісі Ким Иль-джунг бастаған делегация;
- Румыния елшілігі: 2025 ж. 3 наурыз, Төтенше және Өкілетті Елші Мэдэлина Лупу бастаған делегация;
- Франция Республикасының елшілігі: 2025 ж. 7 сәуір, Төтенше және Өкілетті Елші Сильван Гиоге бастаған делегация.

Жалпы алғанда, 2024-2025 оқу жылы кезеңінде басшыларды, оқытушылар мен студенттерді қоса алғанда университетке 150-ден астам шетелдік өкіл келіп қайтты. Түркия, Ресей, Өзбекстан, Қытай, АҚШ, Словакия, Чехия, Латвия, Үндістан, Финляндия, Гонконг және Эстониядан келген шетелдік жоғары оқу орындарының делегациялары мен білім алушыларының сапарлары да халықаралық байланыстардың дамуына елеулі үлес қосты.

Сондай-ақ университет халықаралық ұйымдармен белсенді ынтымақтастықты дамытуды жалғастыруда, оның ішінде Жібек жолы елдерінің университеттері мен Консалтингтік компанияларының қауымдастығы бар. Қазақстандағы Эразмус+ бағдарламасының Ұлттық офисімен өзара әрекеттестік күшейтілуде. 2024 жылғы 19 маусымда Эразмус+ Ұлттық офисінің үйлестірушісі

---

Палуанова Лаура Калабаевна академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетіне келді. Келу барысында университет басшылығымен ресми кездесу өтті, онда Эразмус+ жобаларына қатысу перспективалары және шетелдік университеттермен ынтымақтастықты дамыту, соның ішінде аймақтық университеттермен бірлескен ғылыми жобаларды ұйымдастыру мәселелері талқыланды.

### Академиялық ұтқырлық

2024-2025 жылдары оқушылардың академиялық ұтқырлығы қаржыландыру келесі қорлар есебінен қамтамасыз етілді:

№	Қаржыландыру қоры	Студенттер саны
1	Республикалық бюджет қаражаты	10
2	Эразмус+	2
3	Конфуций институтының шәкіртақы бағдарламасы	2
4	Университеттің жартылай қаржыландыруы	45
5	Студенттердің өз қаражаттары	6
6	Онлайн (тегін негізде)	114

2024–2025 оқу жылында сыртқа бағытталған академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында университеттің 179 студенті шетелдік жоғары оқу орындарында білім алды, оның ішінде:

- 65 студент — офлайн форматта;
- 114 студент — онлайн форматта.

Білім алу келесі серіктес университеттерде жүзеге асты:

- Неаполь университеті Л’Ориентале (Италия);
- Витаутас Магнус университеті (Литва);
- Познань қаласындағы Адам Мицкевич университеті (Польша);
- Гданьск университеті (Польша);
- М.Танк атындағы Беларусь мемлекеттік педагогикалық университеті (Беларусь);
- Алтай мемлекеттік педагогикалық университеті (Ресей);
- И. Кант атындағы Балтық федералдық университеті (Ресей);
- Томск мемлекеттік педагогикалық университеті (Ресей);
- Томск мемлекеттік университеті (Ресей);
- Орал мемлекеттік экономикалық университеті (Ресей);
- «Жоғары экономика мектебі» Халықаралық зерттеу университеті (Ресей);
- Ататүрік университеті (Түркия);
- Кастамону университеті (Түркия);
- Неджметтин Эрбакан атындағы университет (Түркия);
- Интеллектуалды технологиялар және байланыс мемлекеттік университеті (Украина);
- И. Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университеті (Қырғызстан);

- 
- Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университеті (Өзбекстан);
  - Моңғол ұлттық білім университеті (Моңғолия);
  - Тамбов мемлекеттік техникалық университеті (Ресей);
  - Шихэцзы университеті (Қытай);
  - Шэньян университеті (Қытай).

Екі студент Эразмус+ стипендиясын жеңіп, ұтқырлық бағдарламасы бойынша 2024 жылғы күзде Л’Ориентале университетінде (Италия) оқыды.

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ-тың 2020–2025 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспарының бір көрсеткіші — университет қаражаты есебінен академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқитын студенттердің үлесі. Осыған байланысты, 2024–2025 оқу жылында 45 студентке Польша, Литва, Ресей, Қытай, Беларусь және Түркиядағы жоғары оқу орындарында оқу үшін университеттің қосымша қаражатынан қаржылай қолдау көрсетілді.

2024–2025 оқу жылында кіріс бағыттағы академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында университетте келесі жоғары оқу орындарының 20 студенті білім алған:

- Шихэцзы университеті (Қытай);
- Интеллектуалды технологиялар және байланыс мемлекеттік университеті (Украина).

Олардың ішінде:

- 14 студент — офлайн форматта;
- 6 студент — онлайн форматта.

Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Қазақстан Республикасының жетекші университеттерімен қарым-қатынас жасайды және есептік кезеңде 99 оқушыны еліміздің әр түрлі университетіне оқуға жіберді (онлайн — 30, офлайн — 69). Олардың ішінде:

- Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті;
- С. Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті;
- Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті;
- Astana IT University;
- Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті;
- Maqsut Narikbayev University;
- Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті;
- С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті;
- Ш. Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті.

Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында біздің университетке Қазақстан Республикасының 14 жоғары оқу орнынан 73 студент оқуға келді:

- «А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КеАҚ;
- М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті (Шымкент);
- Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті;

- 
- Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті;
  - А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті;
  - Торайғыров университеті (Павлодар);
  - Шәкәрім университеті (Семей);
  - М. Тынышпаев атындағы АЛТ университеті;
  - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті;
  - Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті;
  - Ш. Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті;
  - Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;
  - Инновациялық Еуразиялық университеті;
  - С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университет

Университеттің профессор-оқытушылар құрамы да академиялық ұтқырлық бағдарламасына белсенді қатысады. 2024–2025 оқу жылында университеттің оқытушылары бірнеше шетелдік жоғары оқу орындарымен өзара алмасу бағдарламасын жүзеге асырды. Есепті кезеңде олар тәжірибеден өтіп, дәрістер оқып, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзірбайжан, Ресей, Польша және Франциядағы жоғары оқу орындарында сабақ өткізді.

Барлығы академиялық ұтқырлық 17 оқытушыны қамтыды, олар педагогикалық ғылымдар, жаратылыстану ғылымдары, математика мен статистика бағыттары бойынша лекциялар оқып, сабақтар жүргізді, сондай-ақ бизнес, басқару және құқық салаларында тәжірибе алмасты.

Ынтымақтастық жүргізілген жетекші университеттер қатарында:

- Шараф Рашидов атындағы Самарқанд мемлекеттік университеті (Өзбекстан);
- Мырза Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті (Өзбекстан);
- Низами атындағы Өзбекстан ұлттық педагогикалық университеті (Өзбекстан);
- И. Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университеті (Қырғызстан);
- Әзірбайжан мемлекеттік экономикалық университеті (Әзірбайжан);
- Қазан федералды университеті (Ресей);
- Катовице қаласындағы экономикалық университет (Польша);
- Перпиньян Виа Домитья университеті (Франция).

Оқытушылардың академиялық ұтқырлығы бағдарламасы шегінде Қазақстан ішінде келесі бағыттар қамтылды:

- Шығыс ұтқырлық — тәжірибемен алмасу үшін 7 оқытушы: Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетіне және С. Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетіне барды;
- Кіріс ұтқырлық — 7 оқытушы: Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінен, С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университетінен, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінен және Caspian University-нен келді.

Шетелдік жоғары оқу орындарымен ғылыми тағылымдамалар бойынша ынтымақтастық та белсенді жүргізілуде.

---

2024–2025 оқу жылында «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ-тың 49 ғалымы шетелдік университеттерде ғылыми тағылымдамадан өтті:

- 2024 жылғы 14–25 қазан аралығында — Түркия, Кастамону университетінде әртүрлі факультеттердің 13 ғалымы;
- 2024 жылғы 9–19 қараша аралығында — Өзбекстан, Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университетінде 16 ғалым;
- 2025 жылғы 8–18 қаңтар аралығында — Өзбекстан, Самарқанд мемлекеттік шетел тілдері институтында «Foreign language education perspectives in the sustainable development goals framework» тақырыбында шетел тілдері факультетінің 15 оқытушысы;
- 2025 жылғы 15–21 наурыз аралығында — Өзбекстан, Ферғана политехникалық институтында «Integration of Artificial Intelligence into Economics and Management: a research approach to modern challenges» тақырыбында экономика факультетінің 2 оқытушысы;
- 2025 жылғы 31 наурыз – 10 сәуір аралығында — Өзбекстан, Мырза Ұлықбек атындағы Ұлттық университетінде «Modern Trends in the Development of Higher Education and Media Communications: Scientific and Practical Experience» тақырыбында филология факультетінің 3 оқытушысы;
- 2025 жылғы 18–24 мамыр аралығында академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Басқарма мүшесі — стратегиялық даму жөніндегі проректор Ербол Жанбырбаевич Сармурзин (PhD) Польшаның Катовице қаласындағы экономика университетінде Эразмус+ бағдарламасы аясында біліктілігін арттырды.
- 2025 жылғы 14–18 шілде аралығында Эразмус+ бағдарламасы аясында Ректор аппаратының жетекшісі Гульнар Муратовна Байгожина (PhD) Польшаның Адам Мицкевич университетінде тағылымдамадан өтті.

Ғылыми тағылымдамалардың нәтижесінде бірлескен ғылыми мақалалар дайындау бойынша келісімдер, факультеттер/институттар арасындағы ынтымақтастық келісімдері, студенттерге академиялық ұтқырлық бағдарламаларды іске асыру және қонақ лекциялар ұйымдастыру туралы келісімдері жасалды.

Сонымен қатар шетелдік ғалымдар үшін Қарағанды университетінде ғылыми тағылымдамалар ұйымдастырылды:

- 2024 жылғы 4–12 қазан аралығында — Өзбекстан, Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университетінің 15 ғалымы әртүрлі факультеттерде ғылыми тағылымдамадан өтті;
- 2024 жылғы 17–26 қазан аралығында — Өзбекстан, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі және әдебиеті университетінің 6 ғалымы философия және психология факультетінде ғылыми тағылымдамадан өтті;
- 2024 жылғы 12 қараша мен 6 желтоқсан аралығында — Қытай, Шэньян педагогикалық университетінен 30 ғалым (магистранттар мен оқытушылар) химия факультеті, физика-техника факультеті, құқық факультеті, биология-

- 
- география факультеті, философия және психология факультетінде ғылыми тағылымдамадан өтті;
- 2025 жылғы 23 сәуір – 4 мамыр аралығында — Өзбекстан, Самарқанд мемлекеттік шетел тілдері институтының 13 ғалымы шетел тілдері факультетінде ғылыми тағылымдамадан өтті;
  - 2025 жылғы 12–15 мамыр аралығында — Өзбекстан, Наманган мемлекеттік шетел тілдері институтының 29 оқытушысы мен студенті «Infinity Sport» — шексіз спорт» халықаралық жобасы аясында спорт факультетінде халықаралық тағылымдамадан өтті;
  - 2025 жылғы 19–23 мамыр аралығында — Өзбекстан, Ферғана мемлекеттік техникалық университетінің 3 оқытушысы экономикалық факультетте ғылыми тағылымдамадан өтті.

### **Университеттің профессор-оқытушылар құрамының халықаралық жобаларға қатысуы**

2024–2025 оқу жылында академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде келесі халықаралық ғылыми және білім беру жобалары жүзеге асырылды:

- **Эразмус+ «Жоғары білім беру саласындағы әлеуетті арттыру» халықаралық жобасы:** «Edu-Fusion Network for Sustainable Growth» («Тұрақты өсімге арналған Edu-Fusion желісі») — EDUFUSION NSG (физика-техникалық факультеті, математика және ақпараттық технологиялар факультеті);
- Синьцзян университетімен бірлескен **Шанхай жобасы** (ҚХР): «Көмірден анодты батареялар алу» (химия факультеті);
- Қазақстандағы студенттер, оқытушылар мен жастардың **ағылшын тілі дағдыларын жетілдіруге арналған білім беру жобасы** (2024–2025 оқу жылы). English Language Fellow бағдарламасы, Джон Марусчак (шетел тілдері факультеті);
- Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университетімен бірлескен **«Көптілді цифрлық білім беру контентін жасау үшін жасанды интеллект жүйелерін қолданудың келешектері мен тәжірибелері» жобасы** (шетел тілдері факультеті);
- **Академиялық жазу бойынша Америкалық орталық:** АҚШ Елшілігінің «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті шетел тілдері факультеті базасында Америкалық академиялық жазу орталығын ашу» бағдарламасы (шетел тілдері факультеті);
- **«Педагогикалық және социомәдени инновациялар контексіндегі бейресми шетел тілінде білім беру» жобасы** — Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университетімен жасалған келісім. Шетел тілдерін бейресми оқытудағы заманауи тәсілдерді талдау және жүйелеу мақсатында бірлескен зерттеулер жүргізу (шетел тілдері факультеті);

- **Adult Visitors’ Views of KARLAG Museum** — КарЛАГ музейіне ересек келушілердің көзқарастарын зерттеу жобасы. Зерттеуге халықаралық және қазақстандық ғалымдар, оның ішінде Dr. Bhaskar Upadhyay (Миннесота университеті, АҚШ) және А. Уайсова (Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ, Қазақстан) қатысты (философия және психология факультеті);
- **АҚШ Мемлекеттік департаментінің «University Partnerships 2024» бағдарламасы** Қазақстанда жүзеге асырылуда. Бағдарлама бірлескен зерттеулер, ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру және студенттік кәсіпкерлік бастамалар арқылы америкалық және қазақстандық оқытушылар мен әкімшілік қызметкерлер арасындағы ынтымақтастықты дамытуға бағытталған (биология-география факультеті, химия факультеті, физика-техникалық факультет, философия және психология факультеті)

### Қос дипломды және бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыру

2024–2025 оқу жылында университетте үш қос дипломды білім беру бағдарламасы: Ресей Федерациясының Томск ұлттық зерттеу политехникалық университетімен, Томск мемлекеттік басқару жүйелері және радиоэлектроника университетімен (Ресей), сондай-ақ Өзбекстанның Низами атындағы Ұлттық педагогикалық университетімен (Өзбекстан) бірлесіп жүзеге асырылды.

Сонымен қатар қазіргі уақытта үш бірлескен білім беру бағдарламасы: К. Карасаев атындағы Бішкек мемлекеттік университетімен (Қырғызстан) және Кастамону университетімен (Түркия) жүзеге асырылуда.

Бұдан бөлек, 7M02301 — «Шетел филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша магистранттарға арналған қос дипломды білім беру бағдарламасын іске асыру туралы келісім Өзбекстанның Низами атындағы Ұлттық педагогикалық университетімен жасалды.

№	Бағдарлама түрі	Серіктес университет	Дайындық деңгейі
1	Қос диплом	Томск ұлттық зерттеу политехникалық университеті (Ресей)	Магистратура
2	Қос диплом	Томск мемлекеттік басқару жүйелері және радиоэлектроника университеті (Ресей)	Бакалавриат
3	Қос диплом	Низами атындағы Ұлттық педагогикалық университеті (Өзбекстан)	Бакалавриат
4	Бірлескен білім беру бағдарламасы	К. Карасаев атындағы Бішкек мемлекеттік университеті (Қырғызстан)	Магистратура
5	Бірлескен білім беру бағдарламасы	Кастамону университеті (Түркия)	Магистратура
6	Бірлескен білім беру бағдарламасы	Низами атындағы Ұлттық педагогикалық университеті (Өзбекстан)	Бакалавриат
7	Қос диплом (әзірленуде)	Низами атындағы Ұлттық педагогикалық университеті (Өзбекстан)	Магистратура

## Шетел мамандарын тарту

Шетел ғалымдарын тарту бағдарламасы шеңберінде академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті халықаралық ынтымақтастықты белсенді дамытып, әртүрлі мемлекеттерден, соның ішінде Ресейден, Түркиядан, Пәкістаннан, Чехия Республикасынан, Финляндиядан, Өзбекстаннан, Германиядан, Белорусьтан, Қытайдан, Латвиядан, Франциядан, АҚШ, Қырғызстаннан, Украинадан, Словакиядан, Польшадан, Австриядан, Италиядан, Әзірбайжаннан және т.б. мемлекеттерден мамандарды қабылдайды.

2024–2025 оқу жылында университет жақын және алыс шет елдерден 107 шетелдік ғалымды қабылдады, оның ішінде:

№	Қаржыландыру қоры / қатысу негіздемесі	Адамдар саны
1	Республикалық бюджет есебінен	9
2	Университет қаражаты есебінен	32
3	Оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығы шеңберінде тегін негізде	59
4	Елшіліктердің қолдауымен шақырылғандар	5
5	Эразмус+ бағдарламасы шеңберінде	2

Аталған бағдарлама аясындағы ынтымақтастық бірқатар жетекші шетелдік университеттер мен ғылыми мекемелермен жүзеге асырылды, олардың қатарында:

- Гоа фармацевтикалық колледжі (Үндістан);
- Карлов университеті (Чехия Республикасы);
- Ляонин мұнай-химия университеті (Қытай);
- Рига техникалық университеті (Латвия);
- Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университеті (Өзбекстан);
- Шэньян педагогикалық университеті (Қытай);
- Адам Мицкевич атындағы университет (Польша);
- Кастамону университеті (Түркия);
- Мырза Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті (Өзбекстан);
- М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті (Ресей);
- Интеллектуалдық технологиялар және байланыс мемлекеттік университеті (Украина);
- Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университеті (Қырғызстан);
- Хельсинки университеті (Финляндия);
- Ресей халықтар достығы университеті (Ресей);
- Қолданбалы ғылымдар институты (Германия) және басқа да ұйымдар.

Эразмус+ бағдарламасы аясындағы академиялық алмасуға ерекше көңіл бөлінеді. Атап айтқанда, 2025 жылғы 26–30 мамыр аралығында академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетіне Польшадағы Катовице экономика университетінің өкілдері — қаржы факультетінің банк ісі және қаржы

---

нарықтары кафедрасының профессоры, PhD Моника Климонтович, сондай-ақ қаржы факультетінің бухгалтерлік есеп кафедрасының доцент ассистенті, PhD Анна Кузиор іссапармен келді. Сапар аясында олар Эразмус+ халықаралық кредиттік ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде экономика факультетінің студенттері үшін дәрістік және практикалық сабақтар өткізді.

## АКАДЕМИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕГІ ЖЕТІСТІКТЕР

Есепті кезеңде академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінде білім беру қызметі сапасын арттыруға және оқу-әдістемелік базаны жетілдіруге бағытталған бірқатар жұмыстар атқарылды. Академик Евней Арыстанұлы Бөкетовтің туғанына 100 жыл толуына орай университетте «Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің білім беру қызметінің басым бағыттары» тақырыбында Қысқы мектеп өткізілді.

Академиялық блок университеттің Даму бағдарламасын сәтті жүзеге асыруда. Көптеген бағыттарда көрсеткіштер артығымен орындалды. Мысалы, Ұлттық платформаға (ЖАОК) арналған курстар бойынша; кәсіптік стандарттар мен еңбек нарығының қажеттіліктері негізінде білім беру бағдарламаларын жаңарту бойынша; оқу процесінде ғылыми зерттеулердің нәтижелерін пайдалану; жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейіндегі білім алушылардың үлесі; Күміс университет бағдарламалары бойынша тыңдаушыларды оқыту және т.б. айтуға болады.

Университетте білім алушылардың пәндік олимпиадалар мен конкурстарға қатысуына ерекше көңіл бөлінеді. Жыл сайын университеттің студенттік командалары Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарында өткізілетін Республикалық пәндік олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болады. Ғылыми конкурстарда, конференцияларда, олимпиадаларда жеңімпаз атанған студенттердің саны жоспарлы көрсеткіштерден бірнеше есе жоғары.



Кәсіподақ комитетінің негізгі бағыттарының бірі — қызметкерлердің жағдайын жақсарту және ұжым мүшелерінің денсаулық сақтау мекемелерінде денсаулықтарын нығайтуды ұйымдастыру, осы мақсатта 2021 жылы университетіміздің Басқарма төрағасы — Ректоры және Қазақстан Республикасының Ұлттық курорттық қауымдастығымен Қазақстанның санаториялық-курорттық ұйымдарында университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының, қызметкерлерінің ем алуына, медициналық оңалтуды ұйымдастыру туралы ынтымақтастық меморандумына қол қойылған болатын.





Қазіргі уақытта Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті тек еліміздегі шипажайлар, демалыс орындарымен ғана шектеліп қоймай, жақын және алыс шетел курорттық кешендерімен, демалыс орындарымен байланыс орнатып, университетіміздің профессорлық-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінің ем алып, денсаулықтарын нығайтуға жағдай жасап отыр.

Бұл бағыттағы атқарылған жұмыстарды сандық көрсеткішпен көрсететін болсақ, 2024-2025 жылдар аралығында академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің профессор-оқытушылар құрамының, қызметкерлерінің денсаулығын сауықтыру және жазғы демалысын ұйымдастыру бойынша барлығы 169 адам денсаулықтарын сауықтырды, жұмсалған қаржы есебі — 25 285 845 теңге.

---

## ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

Университеттегі тәрбие жұмысы студенттердің азаматтық ұстанымын, патриоттық сезімін, толеранттылығын, салауатты өмір салтын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталды. 2024–2025 оқу жылында осы бағыттар бойынша 380-ге жуық түрлі тәрбие, мәдени және спорттық шаралар өткізілді.



Студенттердің тұрмыс жағдайын жақсарту мақсатында 2024 жылы «Қазақстан Халық Банкі» 37 тоңазытқыш сыйға берсе, ағымдағы жылы университет есебінен тағы 80 тоңазытқыш сатып алынды.



Есепті кезеңде оқу мәдениетін, экологиялық сананы, шығармашылық белсенділік пен спортты дамытуға бағытталған маңызды жобалар жүзеге асырылды. «Kitap-Qazyna» жобасы аясында филология факультетінің жаңа кітапханасында өткен марапаттау рәсіміне 500-ден астам студент қатысты. «Таза Қазақстан» акциясы шеңберінде «Студенттер үйі — менің өз үйім» байқауы жүргізіліп, үздік студенттік үйлер анықталды. Студенттік парламентке арналған аудиторияны толық жөндеу жұмыстары аяқталды.

Студенттердің мәдени өмірін дамыту мақсатында «BUKETOV ELITE-2026» факультетаралық студенттік балын өткізу жоспарланып отыр.

Спорттық бағытта «Жігер» апталығы, ҚХР студенттерімен кездесу және жүлде қоры 1 200 000 теңге болған Ректор кубогы үшін «Сергектік және денсаулық» спартакиадасы ұйымдастырылды. «Infinity Sport — шекарасыз спорт» жобасы аясында Қазақстан мен Өзбекстан студенттері арасында қазақ күресі, баскетбол мен мини-футболдан жарыс өтті.

Жыл бойы 19 спорт түрі бойынша 32 секция тегін жұмыс істеп, оған 1305 студент қатысты. «Аюлы» жаттығу залында 684 студент ақылы негізде жаттығумен айналысты.

2024–2025 оқу жылында Ғылыми кеңес Е.А. Бөкетовтің 100 жылдығына арналған 100-ге жуық іс-шараны қамтитын жоспарды бекітті. Мерейтойлық іс-шаралар түрлі форматта өткізілді. Мереке аясында 12 ғылыми конференция өткізіліп, арнайы мерейтойлық эмблема мен имидждік өнім жасалды.

Студент жастардың белсенділігін арттыруға бағытталған «Buketov Leader-2025» жастар сыйақысы, сондай-ақ республика деңгейіндегі пікірсайысшыларды біріктірген «BUKETOV CUP-2025» турнирі жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Университет қауымдастығында салауатты өмір салтын насихаттайтын «Buketov Runners» ультрамарафоны да мерейтойлық жылдың айшықты оқиғаларының біріне айналды.

НЕГІЗГІ Оқиғалар	ЖАСТАР ҰЙЫМДАРЫ:
«БУКЕТОВ КУБОГЫ-2025»	СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТ
«КИТАП-QAZUNA»	ЖАСТАР КОМИТЕТІ
«БУКЕТОВ КӨШБАСШЫСЫ - 2025»»	ВОЛОНТЕРСКИЙ ЦЕНТР «БІЗ БАРМЫЗ»
УНИВЕРСИАД	ПІКІР-ТАЛАС
«РУХАНИ KZ»	ЖАСТАР РУХЫ
	ҚАЗАҚСТАННЫҢ СТУДЕНТТЕР АЛЬЯНСЫ
	СТК



**2024–2025 Оқу жылында осы бағыттар бойынша 380-ге жуық түрлі тәрбие, мәдени және спорттық шаралар өткізілді.**

**Жыл бойы 19 спорт түрі бойынша 32 секция тегін жұмыс істеп, 1305 студентті қамтыды. «Аюлы» жаттығу залында 684 студент ақылы негізде жаттығумен айналысты.**

---

Білім беру қызметінің басым бағыттарын айқындайтын «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің білім беру қызметінің басым бағыттары» атты кешенді іс-шаралар пакеті жүзеге асты. Сондай-ақ дәстүрлі «Бөкетов оқулары — 2025» ғылыми форумы мен «Е.А. Бөкетов феномені: Ғалым. Ұстаз. Тұлға» форумы өтті, оның аясында отандық жастардың ғылыми әлеуетін айқын бейнелейтін XII Республикалық жас зерттеушілер құрылтайы өткізілді.

Жас зерттеушілерді қолдауға бағытталған бірқатар бастамалар, соның ішінде университеттің ғылыми қауымдастығына жаңа серпін берген «Бөкетов феномені: жас зерттеушілер қоры» жобасы іске асырылды. Шығармашылық қабілеті жоғары жастарға арналған «Қалам құдіреті» әдеби байқауы өтті. Сонымен қатар «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің білім беру қызметінің басым бағыттары» тақырыбында қысқы мектеп, студенттер, магистранттар мен докторанттардың ғылыми жұмыстарының халықаралық конкурсы, республикалық пікірсайыс турнирі және басқа да маңызды жобалар жүзеге асырылды.

Бұл іс-шаралардың барлығы мерейтойлық жылдың мазмұнын байытып қана қоймай, университеттің ғылыми, шығармашылық және спорттық өмірін жаңа деңгейге көтеруге ықпал етті.

Мерейтойлық мереке Сенат пен Мәжіліс депутаттарының, мемлекеттік органдардың, қала және облыс әкімдіктері өкілдерінің, қоғам қайраткерлерінің, жетекші ғалымдар мен академик Е.А. Бөкетовтің жақын туыстарының қатысуымен өткен үлкен конференциямен аяқталды.

### **Өрт қауіпсіздігі мен күзет жүйелерін жаңарту бағыты**

Тапсырыс беруші рөлін атқаратын КеАҚ пен мердігер ұйым арасында жасалған шартқа сәйкес №1, №2 және №3 Студенттер үйлерінде өрт дабылы және күзет құлақтандыру жүйелерін жаңарту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Ескірген жүйелер толығымен жаңартылуда, құрылыс нормалары мен мемлекеттік стандарттарға сәйкес орнатылған және жаңа жабдықтармен ауыстырылуда.

Төтенше жағдайлар департаментінің 2025 жылдың мамыр айында жүргізген тексеру нәтижелері бойынша бірқатар оқу корпустары мен Студенттер үйлерінде инженерлік жүйелерді қалпына келтіру және жаңғырту бойынша шаралар басталды. Ағымдағы оқу жылында №4, №5 және №6 Студенттер үйлерінде тиісті жүйелерді толығымен ауыстыру жұмыстары жүргізілді.

Жаңа жүйеге қолмен басқарылатын хабарлағыштар, дыбыстық құлақтандыру құрылғылары, эвакуация схемалары мен басқа да қауіпсіздік элементтері кіреді. Сонымен қатар өрт және күзет дабылы жүйесі ғимараттарға кіруді бақылау және басқару жүйесімен, ал техникалық мүмкіндік болған жағдайда лифт құрылғыларымен біріктіріледі.

---

## Білім беру қызметін психологиялық қолдау орталығы

Орталықтың қызметі аясында 531 психологиялық кеңес берілді, 5001 адамға психологиялық диагностика жүргізілді, дағдарысқа ұшырау белгілері бар 23 студентпен жұмыс жүргізілді, 11 әдістемелік әзірleme енгізіліп, 66 психологиялық тренинг өткізілді.



Орталық көрсеткен психологиялық көмектің әлеуметтік маңыздылығы мен 2024-2025 оқу жылындағы жұмыс көлемі 2023-2024 оқу жылымен салыстырғанда айтарлықтай өсті: жеке консультациялар саны 59%-ға, тренингтер саны 65%-ға, ал қатысушылар саны екі есеге жуық, яғни 95%-ға өсті.

## ҚАРЖЫ

ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРІ												
ТАБЫС												
Көрсеткіш №	Көрсеткіштердің атауы	Бірлікті көрсету	2020 факт	2021 факт	2022 факт	2023 факт	2024 жыл - бұл шығандық	2025 жоспары	2024 жылға қарай орындалу пайызы			
									2020	2021	2022	2023
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
1 Табыс, барлығы			5 889 913	7 167 524	9 208 195	11 362 761	14 251 982	15 913 287	242	199	155	125
Оның ішінде												
1.1	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау бойынша қызметтер, барлығы	млн теңге	5 357 308	6 563 934	7 887 267	9 150 144	10 769 023	12 343 938	201	164	137	118
6 оның ішінде												
1.1.1	республикалық бюджет есебінен		2 861 872	3 826 137	4 812 321	5 734 652	7 097 112	8 446 118	248	185	147	124
1.1.2	ақылы негізде		2 495 436	2 737 797	3 074 946	3 415 492	3 671 911	3 897 820	147	134	119	108
1.2	Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар		418 554	429 781	710 114	1 548 928	2 570 667	2 600 000	614	598	362	166
1.3	Басқа кірістер	114 051	173 809	610 814	663 689	912 292	969 349	800	525	149	137	

2024 жылы университетке 14 млрд 567 млн теңге көлемінде кіріс түсті. 2023 жылмен салыстырғанда кіріс 2 млрд 890 млн теңгеге артты.

Олардың ішінде:

- 75 % — жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау қызметтерінен түскен кірістер;
- 18 % — ғылыми-зерттеу қызметінен түскен табыс;
- 7 % — университеттің қоғамдық тамақтандыру комбинаты, баспа қызметі, студенттер үйлерінде тұру ақысы, жалдау төлемдері, коммуналдық қызметтерді өтеу және басқа да қызметтерден түскен кірістер.

2021 жылдан бастап жалдау ақысынан түсетін кірістер 5 еседен астам немесе 11 млн теңгеден 63 млн теңгеге дейін өсті. Осы кезеңде жалға берілетін алаң көлемі 2 544 ш.м-ден 45 423 ш.м-ге, яғни 17 есеге артты.

Жалға берілетін алаңдардың негізгі бөлігі — 82 %, спорттық іс-шаралар мен жаттығуларға және қоғамдық тамақтандыру қызметіне арналған (37 053 ш.м.). Қалған 18 %-ы — оқу процесіне және өзге де қызметтерге берілетін алаңдар. Сонымен қатар жалға алушылар жалдау ақысымен бірге коммуналдық қызметтерді де өтейді.



2021–2024 жылдар аралығында жалдау ақысы мен коммуналдық қызметтерді өтеуден 257 млн теңге түсті, оның ішінде 2024 жылы — 91 млн теңге.

Жалға беру туралы шешімдер комиссиялық тәртіппен қабылданады. Бұл жағдайда, ең алдымен, студенттер мен қызметкерлердің әлеуметтік және тұрмыстық қажеттіліктерін барынша қанағаттандыру мақсатында әлеуетті жалға алушының қызмет түрі ескеріледі.

Осы бағыттағы жұмыс жалғасуда.

## ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРІ ШЫҒЫНДАР

№ р/р	Көрсеткіштердің атауы	Елімізде	2020 факт	2021 факт	2022 факт	2023 факт	2024жыл - бұл шығыдық	2025 жоспары	2024 жылға қарай орнандыру мақсаты			
									2024 жылғы жоспар	2024 жылғы факт	2023 жылғы факт	2022 жылғы факт
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
2	Шығындар, барлығы		5 666 200	7 031 364	9 080 218	11 157 434	12 812 919	14 658 326	226	182	141	115
<i>оның ішінде</i>												
2.1	Жалақы қоры, барлығы		3 677 874	4 735 078	6 171 478	7 048 757	7 737 047	8 785 492	210	163	125	110
<i>оның ішінде</i>												
2.1.1	бастапқы өнімдерді өндірумен айналысатын жұмысшылар		2 527 088	3 536 796	4 373 552	5 152 227	5 621 281	6 282 887	222	159	129	109
2.1.2	көмекші өнімдерді өндірумен айналысатын жұмысшылар		45 102	63 620	84 349	94 892	93 938	106 967	208	148	111	99
2.1.3	әкімшілік персонал		287 932	310 028	414 752	464 559	514 710	571 253	179	166	124	111
2.1.4	басқа қызметкерлер		817 752	824 634	1 298 825	1 337 079	1 507 118	1 824 385	184	183	116	113
2.2	Сатып алулар, барлығы		1 505 937	1 948 972	1 966 381	2 534 922	3 603 009	4 323 994	239	185	183	142
<i>оның ішінде</i>												
2.2.1	инвестициялық жобалар мен бағдарламалар	млн теңге	22 786	106 188	40 175	515 758	890 912	1 634 249	3 910	839	2 218	173
2.2.2	Негізгі қорлар		434 926	555 474	574 511	566 795	414 775	655 417	95	75	72	73
2.2.3	Материалдық емес активтер (бағдарламалық жасақтама)		13 265	15 307	9 041	30 773	6 470	51 140	49	42	72	21
2.2.4	Қабилеттер/судьялық міндеттер/қаржы, сапалық, интеллектуалдық, өнер-өнерпаздық қызметтері, ұйымдық құрылым және т.б.)		298 297	297 220	493 796	591 315	556 184	684 112	186	187	113	94
2.2.5	Құпиясыздық қызметтері		736 663	974 783	848 858	830 281	1 734 667	1 299 075	235	178	204	209
2.3	Басқа шығындар		482 389	347 314	942 359	1 573 755	1 472 863	1 548 840	305	424	156	94
3	Қаржылық нәтиже (пайда, сақталған пайда/шығын)		223 713	136 160	127 977	205 327	1 439 063	1 254 961	643	1 057	1 124	701
<i>4 саны, оның ішінде:</i>												
4.1	...		...	2 161	2 308	2 308	2 208	2 208	111	102	96	96
4.2	орташа жалақы		1 655	1 989	1 887	1 814	1 807	1 110	92	91	96	96

2024 жылы университет шығындары 12 млрд 813 млн теңгені құрады. Шығыстардың негізгі бөлігі — 69,8 %, олар жалақыға және бюджетке төленетін міндетті аударымдарға, қалған 30,2 %-ы — университеттің ағымдағы қызметіне бағытталды. Оның ішінде: негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, қорларды сатып алуға, коммуналдық қызметтер ақысын төлеуге, сондай-ақ инвестициялық жобаларды іске асыруға (500 орындық Студенттер үйінің құрылысы) жұмсалды.

Есептік кезеңде еңбек ақы қоры 9,5 млрд теңгені құрады. Қызметкерлердің штаттық саны 2023 жылғы деңгейде қалып, 2 208 адамды құрады.

Соңғы 5 жылда қызметкерлердің орташа айлық жалақысы 185 мың теңгеден 355 мың теңгеге өсті, оның ішінде профессор-оқытушылар құрамының жалақысы 206 мың теңгеден 428 мың теңгеге дейін өсіп, 2 еседен артық көбейді.

Есептік жылдың пайдасы шамамен 1,5 млрд теңгеге жетті. Қазіргі таңда қосымша кіріс көздерінің бірі — жалға берілетін алаңдар.

2021–2024 жылдар аралығында жалдау ақысы бойынша түсімдердің тұрақты өсімі байқалды. Осы кезеңдегі жалпы түсім мөлшері 180 млн теңгені құрады.



«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ құрылымында 10 оқу корпусы, 7 Студенттер үйі, қала сыртындағы практика базалары, баспа, әлеуметтік және мәдени мақсаттағы объектілер (Студенттер сарайы, спорт ғимараттары, спорттық-сауықтыру кешені, денсаулық пункті, емхана, асханалар мен буфеттер) бар.

Университет жыл сайын өзінің материалдық-техникалық базасын заманауи жабдықтармен, компьютерлік техникамен, жиһазбен және басқа да негізгі ресурстармен жаңартып, толықтырып отырады, сондай-ақ ғимараттарды,

студенттік үйлерді жөндеу, аумақты абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарын жүргізеді.

Әкімшілік-шаруашылық департаментінің және мердігерлік ұйымдардың қызметкерлері жөндеу жұмыстарының жоспары бойынша және әртүрлі бөлімшелер мен бөлімдердің ұсыныстарына сәйкес есепті кезеңде мынадай жұмыс түрлерін орындады:

Барлық оқу ғимараттары мен студенттер үйлері жаңа оқу жылына уақтылы дайындалды.



2025 жылы университет бірқатар инфрақұрылымдық және жақсарту жұмыстарын жүргізді. Студенттік-тұрмыстық кешеннің қасбеті жаңартылды, № 1-4 жатақханаларды орталықтандырылған жылыту жүйесіне қосу жұмыстары аяқталды, бұл бюджет шығындарын азайтып, тұру жайлылығын арттыруға мүмкіндік берді. Ұзындығы шамамен 1000 м жылу трассасының жобасы аяқталды, оқу корпустары мен салынып жатқан № 8 Студенттер үйін кейіннен қалалық жылыту жүйесіне қосу үшін техникалық шарттар жасалды.

№ 8 Студенттер үйінің құрылысы жоспар бойынша жүріп жатыр: 9 қабатқа дейін бетоннан жасалған монолитті қаңқаның құрылысы аяқталды, сыртқы қабырғалар қапталып, ПВХ-терезелер мен ішкі арақабырғалар орнатылды. Шатырды гидрооқшаулау және жылылау, жабынды төсеу және екі лифтті орнату жұмыстары жүргізілуде.

Айналаны абаттандыру жұмыстары аяқталды: жүзден астам ағаш отырғызылып, инженерлік желілер тартылды, спорт алаңдары жабдықталып, жайлы аймақтар жасалды.

Университет аумағын абаттандыру бағдарламасы аясында жол жамылғысын жаңарту бойынша шаралар кешені өткізілді. Асфальт төсемес бұрын қажетті дайындық жұмыстары жүргізілді: негізді ластанудан механикалық тазарту, бетін битум эмульсиясымен өңдеу, сондай-ақ жекелеген учаскелерді жергілікті тегістеу және тығыздау жүргізілді. Асфальтбетон технологиялық талаптарға сәйкес біркелкі қабатпен төселіп, жол жамылғысының сапалы жабысуын қамтамасыз етеді.



Жөндеу жұмыстары нормаларға сәйкес орындалып, уақытында аяқталды, бұл университет аумағында еркін жүріп-тұру ыңғайлылығы мен қауіпсіздігін жақсартып, инфрақұрылымның жалпы жақсаруына ықпал етті.

Университетіміз әрқашан білім, ғылым және инновация орталығы болуға ұмтылады. Бүгінде біз жаңа ғылыми бағыттарды дамыта отырып, зертханалар мен технологиялық парктер құрып жатырмыз, талантты студенттер мен жас ғалымдарға қолдау көрсетуге тырысамыз. Оқытушыларымыз бен студенттеріміздің халықаралық жобаларға қатысып, университетіміздің әлемдік білім беру алаңындағы орнын нығайтып келе жатқанына мақтанамыз.

Ал бұл тұрғыда мемлекеттің қолдауы мен мойындауы біз үшін өте маңызды. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек атап өткендей:

«Ұлттық мәртебе университетке икемділік пен академиялық еркіндік береді, өзінің оқу бағдарламаларын әзірлеуге, білікті оқытушыларды тартуға, жаңа эксперименттік зертханалар құруға және өнеркәсіптік кәсіпорындармен бірлескен жобаларды іске қосуға мүмкіндік береді. Бұл талантты студенттер мен жас зерттеушілерді тартудың маңызды факторы, себебі ұлттық мәртебе әрқашан жалақыға, бедел мен ғылыми лауазымдарға қосымша артықшылық болады».

Берілген мүмкіндіктер ғылым, білім және инновация салаларында жаңа көкжиектерді аша отырып, университетіміздің одан әрі дамуының берік іргетасына айналсын.

Басқарма Төрағасы – Ректор  
ҚР ҰҒА академигі,  
заң ғылымдарының д-ры, профессор

**Н.О. Дулатбеков**